

Торманов Н.Т., Әліқул А.Б., Қайрат Б.Қ.

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., *e-mail: Tormanov.nurtay@kaznu.kz ,*

ОРГАНИКАЛЫҚ ДҮНИЕНІҢ ЭВОЛЮЦИЯ БАРЫСЫНДА АҚПАРАТТАРДЫҢ ТҮРЛЕНУІ

Аннотация. Бұл мақалада Жер бетіндегі тіршіліктің даму тарихы, сондай-ақ қазіргі биосфераның ұйымдастырылуы туралы ғылыми әдебиеттер талданады. Әр түрлі авторлардың көпсатылы, көпдеңгейлі тіршіліктің дамуы туралы деректері келтіріледі. Биосфера қоршаған ортадағы тіршілік иелері мен минералдық элементтердің бірлігі болып табылады. Биосфераның негізгі құрамдас бөлігі органикалық заттарды түзетін және ыдырататын организмдердің өзара әрекеттесуіне негізделген биологиялық айналымдардың бірлігі. Осыған байланысты мақалада, эволюция ағзалардың күрделену деңгейі жоғарылайтын негізгі процесс, демек, ақпарат жинақталатындығы туралы пікірлер келтіріледі. Эволюциялық процестің негізгі факторын Ч.Дарвин өзгергіштік, тұқым қуалаушылық, тіршілік үшін күрес және табиғи сұрыпталу деп көрсетті. Сондай-ақ, қарапайым эволюциялық категорияларды, эволюциялық бірлік, эволюциялық материал, эволюциялық құбылыстар, эволюциялық факторлар, эволюцияның іске қосу механизмдері туралы қарастырылады. Тұрақты эволюциялық қозғалыстардың пайда болуы үшін кем дегенде төрт қарапайым эволюциялық факторлардың болуы қажет. Тұқым қуалаушылық өзгергіштік көзі болып табылатын мутациялық процесс, флуктуация дарактардың саны, оқшаулану және табиғи сұрыпталу популяцияның эволюциясын жаңа тұқым қуалаушылық ерекшеліктердің пайда болуының қандай да бір жағына бағыттайтын, популяцияны неғұрлым кең эволюциялық аренаға немесе қоршаған ортаның тұрақты өзгерісіне бірден шығаратын іске қосу тетіктері болып табылады. Осылайша, эволюция барысында ақпараттың түрленуі ағзалардың бір-бірімен өзара байланысы, өзара әрекеттесуі және тіршілік ету ортасының абиотикалық факторлары арасындағы заңдылығындағы басты делдал болып табылады.

Түйін сөздер: эволюция, биосфера, ақпарат, ноосфера, эволюциялық фактор.

Кіріспе

XX ғасырдың соңғы жыдары биология ғылымында бірнеше маңызды жаңалықтар ашылды. Атап айтар болсақ, молекулалық биология ғылымға және тіршілік барысына байланысты кибернетикалық идеялар, ақпараттық теория және биосфера жайлы жаңа мәліметтер ашыла бастады. Биологиялық проблемаларды шешуге физика, химия, математика, инженерлік ғылымдар, экономистер және саясаткерлер де айналыса бастады. Яғни табиғат және тіршілік жайлы ғылымның ауқымы кең таралып терең зерттеліп, ертеден сыры ашылмаған күрделі мәселелер нақтылана бастады. Ең басты мәселе тіршіліктің пайда болуы және эволюциялық дамуының сырлары және ұйымдастырылуы. Енді мына түсініктерге тоқталайық. Организацияны қазақшаға аударсақ «ұйымдасу» деп аударылады. Ол нені білдіреді? Шығу тегі

қалай?

«Ұйымдастырылғанды», «ұйымдастырылмағанға» хаосты – тәртіптілікке қарама-қарсы қою сонау ықылым заманнан келе жатқан ұғымдар. Діни көзқарас бойынша дүниенің ұйымдастығын, алғашқы шығуын Жаратушы күш алғашқы хаостан жасаған деген түсінік бар. Әрине, «ұйымдастықты» хаостан шықты деп айтуға болмайды. Бұл жердегі басты әңгіме ұйымдастырылудың ең қарапайым және күрделі формаларының құрылуы жайлы мәселе деп түсіну керек.

Бәрімізге аян, қандай да бір зат пен энергияны салыстырып оңай анықтауға болады. Заттың салмағын граммен, ал энергияны джоульмен, ал «ұйымдастыруды» өлшеуге бола ма деген сұрақ тууы мүмкін. Шындап қарасақ қандай өлшем арқылы есептеуге болады? Мысалы, қайың, ит, ас тұзының бөлшектерін. Кибернетика ғылымының дамуының арқасында, әсіресе

информациялық теория осы сұрақтарды шешудің жолын көрсетті. «Ұйымдастыру» және «ақпарат» деген екі ұғымды салыстырып қарастыру арқылы болатындығын дәлелдеді. «Құрылымы немесе ұйымдастырылуы» дегеніміз белгілі бір тәртіп бойынша бір-бірімен байланыста болатын жеке элементтердің жиынтығы.

Эволюция ағзалардың ұзақ жылдар бойы жоғарылап күрделенуі. Демек, ақпараттардың жиналуы. Табиғаттағы тірі ағзалардың құрылымының күрделенуі немесе «ұйымдасуы» және «ақпарат» деген екі түсінікті салыстырып көрейік. «Ұйымдасу» деген бір-бірімен байланыста болатын әртүрлі элементтерінің жиынтығының көрінісін анықтаушы. Мысалы, күндегі көріп жүрген үй жануары жылқыны алсақ, ол тірі жасушалардың, ұлпалардың, мүшелер мен мүшелердің байланыста болатын жинақталған морфофизиологиялық бірлігі. Ұйымдасудың басты үш белгісі бар: бір-біріне ұқсас немесе әртүрлі бірнеше компоненттен құралуы; элементтердің арасында байланыстардың түзілуі; осы байланыстардың нәтижесіне қарай құрылымының формасы мен тұрақтылығының қалыптасуы. Егер осы құбылысты неорганикалық затпен органикалық тірі ағзалар арасындағы айырмашылығына қарай салыстырсақ, томірдің компоненттері (темір атомы) және аралық байланыстары бірдей, ал жануарлар ағзасында, құрастырушы бөлшектері әртүрлі, байланыстарында да өзгешелік бар. Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесінде байланыс әртүрлі. Осындай айқындық «ақпарат» ұғымында байқалады[1,2,3].

Ал «ақпарат» жайлы түсінікке тоқталатын болсақ, *кибернетика* ғылымының негізін қалаушы Норберт Винердің және информация теориясының авторы Клод Шеннонның айтуы бойынша қандай да бір мәлімет жайлы ақпаратты арнаулы каналдар арқылы байланыстырушы деп айтылды. Мысалы, газеттер бетінде, радио, телеарналар арқылы күн сайын әлемде болып жатқан ақпараттар таратылады, ал оқушы мұғалімнің түсіндірген пәнінен ақпарат қабылдап, оны есіне сақтайды, ғылыми зерттеушілер қандай да бір процессті, құбылысты зерттеу

арқылы әртүрлі шаралар қолданып, сол жайында көптеген фактілерді ашуға тырысады. Яғни осыдан көптеген ақпараттар жинауға ұмтылады. Демек информацияда нақты процестер мен құбылыстарды, олардың ерекшелік құрылымын, ұйымдасу жолдарын табады. Материалды дене бар жерде ақпарат та болады, демек, оның құрамындағы элементтердің біртекті болмауынан. В.И.Пригожиннің айтуы бойынша, қандай да бір заттың біртекті болмауы өзіне тән ақпараттың болуын көрсетеді. Ч.Дарвин де айтқан болатын «әрбір органикалық тірі ағзаның ең маңызды мәні, кейде өте белгісіз, бөлінбейтін болса да, басқа да тірі ағзалармен байланыста болатындығы» [4,5,6]. Оның басты дәлелі олардың арасында мекен үшін, қорек үшін бір-бірімен байланыс барын байқаған. Бірақ Ч.Дарвин «информация» деген ұғымды пайдаланбаса да тірі ағзалар мен қоршаған ортаның арасында байланыс болатындығын сезген болатын. Нақтырақ айтар болсақ эволюция барысында табиғат сұрыптау арқылы түрлердің ұйымдастырылуында өзгерістер болады. Яғни осындай ерекшелік энергия және зат алмасу кезіндегідей бір объекіден екінші объектіге беріледі, немесе ақпараттар таралады. Сондықтан құрамындағы компоненттердің арасындағы ақпараттардың таралуы олардың ұйымдастырылуы, қалыптасуы жайлы мәліметтерді түсіндіруге жол ашады[7].

Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы және дамуы

Заманауи космогондық мәліметтеріне сүйенсек, О.Ю.Шмидтің айтуы бойынша, Жер және Айдың қалыптасуы аккрецияға байланысты, яғни протопланада бұлттардағы газ-тозандардың, қатты бөлшектердің бір-бірімен жабысып, одан әрі қарай өсуінен дейді. Болжамдаушылар Жыл бойы кеңеюінің нәтижесі деп түсіндіреді [8].

Сондықтан да биологиядағы басты мәселе Жердің және ондағы тіршіліктің пайда болуы. Бұл жайында ықылым заманнан бері көптеген ғылыми болжамдар айтылып келеді. Солардың ішіндегі биохимиялық эволюция. Бұл болжам бойынша тіршіліктің пайда болуы физика мен химияның заңдарына бағынады деп

көрсетеді. Солардың ішінде аса бір барлығы мойындаған Опарин-Холдейн болжамы. Өлі планетада тығыздығы ақырын ауысып, бос газдардан тұратын алғашқы атмосфера пайда болды. Бос оттегі оның азотпен, көміртегі және сутекпен қосылуы органикалық қосылыс түзуіне әкелді[9].

Миллион жыл бойы алғашқы мұхиттардың жылы суларында органикалық қосылыстар пайда болып, ыдырап, ең соңында коацерватты тамшылар түзіледі. Олардың молекулалары полярланған сулы қабаттан тұрған. Ал осы коацерваттарда синтезделу және ыдыраудың қарапайым реакциялары жүрді, оның өнімдері сыртқа төгіліп жатты. Осы тамшылардың ішінен ең көп сақталғандарының ішінде полинуклеотидтер және белоктар әсіресе, химиялық табиғаты бойынша ферментативті белсенділігі бар түрі сақталып отырады. Нуклеин қышқылында сақталуы, редупликацияға қабілеті, аминқышқылдарының информацияға әртүрлі комбинациялануға қолайлылығы, ыдырағандағы белок құрамының тұрақтылығын қамтамасыз етушілік қасиеті сақталады. Сөйтіп химиялық эволюцияның соңғы кезеңі аяқталып, өздігінен көбейетін, өндірілетін «белок-нуклеин қышқылы» жүйесі қалыптасты. Нуклеиндегі «жады» белок өндіруді қамтамасыз етті, ал белок-фермент – көбею процесінде, яғни нуклеин қышқылының екі еселенуін қамтамасыз етті.

Липид молекулаларынан қарапайым жасуша мембранасының пайда болуы, ортадан цитоплазманың қалыптасуына жол ашты. Сонымен коацерваттан жасуша пайда болды[10].

Эволюциялық даму барысында ақпараттардың өзгеруі

Эволюциялық теория тіршілік жайлы ғылымның ең басты жинақталған іргетасын қалыптастырушы деп айтуға болады. Теорияның ең бірінші негізін қалаушы ағылшын ғалымы Ч.Дарвин. Одан әрі қарай жетілдіріп, дамуға биологияның басқа салаларындағы ғылыми жетістіктер үлкен үлесін қосты. Генетика, биотехнология, молекулалық биология және басқа ғылыми салалары XX ғасырда эволюцияның классикалық теориясына үлкен үлесін

қосқан микроэволюция жайлы ілім[11]. Микроэволюция бұл эволюциялық құбылыс, ол түрлердің ішінде жүреді. Атап айтар болсақ эволюциялық күш тек сол жерде ғана әсер етеді, тек сол жерде механизмдері іске қосылады да нәтижесінде жаңа түрлер түзіледі[12].

Эволюциялық құбылыстың қарапайым бірнеше категорияға бөліп қарастырған түсінікті болады: 1) эволюцияның ең қарапайым өлшемі популяция; 2) эволюциялық құбылыс; 3) эволюциялық материал; 4) эволюциялық факторлар; 5) эволюцияны қозғаушы механизм; 6) түрлердің түзілуі.

Эволюциялық өлшемнің қарапайым түрі популяция, яғни бір түрдің жиынтығы, белгілі ареалда мекендеушілер. Ал қарапайым эволюциялық материал, әртүрлі тұқымқуалаушылық өзгерістер (мутация) және олардың байланысуы немесе комбинациялануы. Ал мутация ДНҚ құрылымының өзгерісі. Олар әртүрлі организмдердің әсерінен туындайды (иондық сәулелер, ультракүлгін сәулелер мен шағылысу, жоғарғы температура, әртүрлі химиялық заттар). Жыныстық көбею кезінде әртүрлі мутациялар бір-бірімен байланысып, тұқымқуалаушы өзгерістердің массасын жоғарылатады, яғни генотиптік өзгерістердің санына әсер етеді[13].

Тірі ағзалардың арасындағы әртүрлі байланыстарды екі категорияға бөліп қарастыруға болады: 1) генеологиялық байланыс немесе бір түрге жататындардың ата тегі мен ұрпағының арасындағы; 2) экологиялық байланыс әртүрлі түрлердің арасындағы әртүрлі түрлерді біріктіріп тұратын даралардың өзара байланысы. Әрбір категория өз кезегінде үш түрлі байланыста болады: қоректік заттар, энергетикалық және ақпараттық байланыстар арқылы. Ақпараттық байланыс генеологиялық категориядағы ең бірінші орында, ал қоректік және энергетикалық байланыста қажет, бірақ ол екінші кезекте. Одан басқа да генеологиялық байланыста үш компоненттің берілуі – заттың, энергия және ақпараттың бір бағытта жүруі, яғни ата тегінен ұрпағына қарай. Ұйымдастырылудың қайта қалыптасуына жауапты фактор қоректік заттар жіне

энергетикалық байланыс деп санауға болмайды. Сонымен қоса топтардың арасындағы ақпараттық байланыстар да қалыптасады[14].

Ағзалардың арасындағы экологиялық байланыс аса күрделі және көптүрлі. Ол тұраралық қоректік байланыспен шектеліп қана қоймайды, абиотикалық орта арқылы жүреді. Өсімдіктерден бөлінетін оттегі мен тыныс алу, иісті қабылдау әсіресе суда немесе ауада, тіршілік ортасын іздеп табу, жұптарын іздеп табу. Осындай көпсалалы каналдар арқылы ағзалардың арасында ақпарат үздіксіз жүріп жатады. Экологиялық байланыссыз генеологиялық байланыс болуы мүмкін емес. Генеологиялық қарым-қатынас дивергенция арқылы экологиялық формаға ауысып отырады. Осы екі құбылыстың жүруі биосферадағы эволюцияның көптеген процесінің тек екі жағы деп айтуға болады.»[14,15].

Тұрақты эволюциялық қозғалысының жүруінің басты тірегі ретінде мынадай төрт эволюциялық факторды атап көрсетсе болады. Оған жататындары: тұқымқуалаушы өзгергіштік, оның басты нәтижесі мутациялық процесс, даралар санының (флуктациясы) толқынды тербелісі, оқшаулану және табиғи сұрыптау[15].

Мутациялық үдерісті эволюциялық материалдың қарапайым түрі белгісі деп те айтуға болады. Бірақ эволюцияны іске асырушы жеткіліксіз, біріншіден мутация әртүрлі бағытта болады, екіншіден, олардың көпшілігінде деструктивті тиімділігімен сипатталынды. Сондықтан мутациялық процестің нәтижесінде бұрынғы белгілердің бұзылып жаңадан шыққандарының оңтайлы ерекшеліктері бұзылуы да мүмкін.

Флуктация немесе (жүйедегі кездейсоқ ауытқу) «тіршілік толқыны» даралардың саны барлық табиғи популяцияда көп немесе аз көлемінде болуы мүмкін. Нәтижесінде осындай флуктацияда даралардың саны тез жоғарылап, жаңа белгілерді қабылдағандары болуы мүмкін. Бірақ бұл факторды популяцияда белгілі бағытқа қарай тұқымқуалаушы жаңа өзгерістердің туындауына мүмкіндік бермейді[16].

Флуктацияның маңызды факторының бірі «оқшаулану» (изоляция). Егер дараларда

жаңа белгі пайда болса, оны популяциядағы дараларынан оқшауландырмаса, онда жаңа дараларының түзілуі мүмкін емес. Оқшауландырудың механизмдері әртүрлі. Кеңістіктегі оқшаулану, маусымдық және әрбір дараның мінез-құлқындағы ерекшеліктері және т.б..

Ең маңызды да және соңғы фактор ол табиғи сұрыптау. Табиғи фактор ғана эволюцияның бағытындағы популяцияның жаңғыруын анықтаушы болып есептеледі. Осыған байланысты барлық оқулықтарда келтірілген классикалық дәлел: Англияның индустриалды аймақтарында пайда болған қара түсті көбелектегі мутацияның, нағыз ашық түсті формасын ығыстырып шығарды. Осындай құбылыстың болуы тек қайың көбелегінде ғана емес, мемлекеттің басқа да өндірістік аудандарында болатындығы байқалды. Сөйтіп мынандай тұжырым жасауға болады «эволюция барысында ақпараттардың қайта өзгеруіне жауапты байланыс заңдылығы және неорганикалық (анорганикалық) тіршілік ортасымен өзара байланыстылығында».

Бағыттаушы эволюцияның «итермелеуші механизмі» ретіндегі фактор жаңа тұқым қуалайтын даралардың пайда болуы. Бұл процесс популяцияны жаңа кең эволюциялық аренаға шығарады немесе қоршаған ортаның өзгерісіне төзімділік түріне.

Енді эволюциялық сұрыптау процеске фенотиптің қандай қатысы болады деген мәселеге қысқаша шолу жасайық. Шындығында да сыртқы орта сұрыптау барысының бағытын шектемейді. Ол фенотиптің қалыптасуына қатыса отырып, ортаның факторы генотиптік тұқымқуалаушылық формалары белгілі бір із қалдырады. Гендік өзгергіштіктің болуы жайлы, оларда әртүрлі фенотиптік белгілер қарап есептейміз. Сондықтан да бұл жағдай форма түзілу заңдылықтары деп айтуға болады. Мысалы, альбинос (ақ түсті) жануарларда мутациялық түсік байқалмайды. Қанатсыз жәндіктерде қанаттарының тақташаларының өзгерген формасындағы генотиптік өзгерісін байқай алмаймыз. Ал сиырларға сапалы жем және жақсы жағдай жасаса сүтінің өнімділігі көбейеді, басқа жағдайда ұстап баққанға

қарағанда. Бұл мысалдарды келтіріп отырғандағы басты мәселе бірдей берілген тұқымқуалаушылық қасиеттері әртүрлі даму жағдайында, фенотипі өзгерген жағдайда әртүрлі болып көрінеді. осыған орай мынандай қорытынды жасауға болады. Әртүрлі тіршілік ортасында әртүрлі жағдайда бірдей белгілеріндегі сұрыптау әртүрлі нәтиженің пайда болуына алып келеді.

Ч.Дарвин өзгергіштікті екіге бөліп қарастырған болатын: айқын және айқын емес. Қазіргі генотиптік мәліметтерге қарай айқын емес өзгергіштік, ол ең басты гендік яғни ДНК-дағы өзгергіштік. Соның салдарынан реакция нормасында тұрақты өзгергіштік болады. Ал айқындаушы өзгергіштік фенотиптік, ол қандай да бір белгілі фактордың әсер етуінен пайда болады. Сондықтан айқындаушы өзгергіштік, фенотиптік өзгеріске ерекшелік қасиет беріп эволюция барысында айтарлықтай әсерін тигізеді[7].

Осыдан шығаратын қорытынды тұқымқуалаушы эволюция тек айқын емес немесе генотиптік тұқымқуалаушылық негізінде іске асырылады. Эволюция жеке белгілері ғана емес, сыртқы ақпараттарды пайдалану жолдарында қатысады. Орта белгілерді сұрыптаушы және бағалаушы. Олар эволюция материалдарын жасаушы.

Келесі көңіл аударарлық сұрақ генотиптік ақпараттар қалай беріледі деген. Бәрімізге белгілі болғандай генотиптік ақпараттарды таралуының екі механизмі болады. Біріншісі жыныс жасушалары арқылы (тұқымқуалаушы) және екіншісі популяциядағы фенотиптік сұрыпталу кезіндегі түрлердің өзара байланыстың әсерлері арқылы (ақпараттың таралуының экологиялық механизмі).

Табиғаттағы заттардың айналымы тек химиялық реакцияның жүруімен байланысты. Нәтижесінде әртүрлі химиялық қосылыстар түзіледі, күн сәулесінің энергиясын сіңіреді. Бұрынғы кеңестік дәуірдегі ғалымдар мен шетелдік зерттеушілердің жүргізген тәжірибелері көрсеткендей, ультрасәулелі шағылысу, электр разрядтары және басқа да энергия көздерін пайдалану арқылы қарапайым заттардың қоспасынан су, газдар метан,

сутек және аммиактардан қант молекулалары, амин қышқылдары, органикалық қосылыстар және басқа да күрделі заттар пайда болатындығын дәлелдеді. Бұл дегеніміз сыртқы энергияның әсерінен тек күрделі заттар қарапайым заттарға ыдырап қоймай, қарапайым қосылыстардан күрделі заттарды түзеді. *Сондықтанда синтезделу мен ыдырау ағзаға байланысты болуының нәтижесінен органикалық қосылыстардың айналымы пайда болады, яғни болашақ биологиялық айналымның алғашқы ұрығы немесе тіршіліктің алғашқы ұйымдасуы іспеттес. Тұжырымдап айтатын болсақ, ақпараттарды сіңіру қабілеттілігі жүйенің күрделену деңгейіне пропорционалды деп айтуға болады.*

Енді біздің планетамыздағы алғашқы тірі ағзалар қалай пайда болды деген мәселеге қысқаша шолу жасап көрейік.

Ең алғашқы тіршілік етушілер бактерияға ұқсас организмдер деп есептеледі. Олардың іздері жердің қабаттарында осыдан шамамен 3 млрд жыл бұрын табылған деген болжамдар бар. Одан кейінгі шөгінділерде (2,7 млрд жыл) Оңтүстік Родезияда су балдырларының известелген қалдықтары табылған. Одан кейінгі шөгінділерде Онтарио көлінде (1,9 млрд жыл) жақсы сақталған көптеген өсімдіктердің қалдықтары бар екендігі дәлелделінді. Әрине, ғалымдардың айтуы бойынша көпжасушалылардың пайда болуы органикалық дүниенің дамуының тағы да бір ең маңызды факторы деп есептеледі. Ең маңызды болжамды ұсынған А.В.Иванов болды. Ол өзінің «көпжасушалылардың шығу тегі» атты еңбегінде толық көрсеткен.

Алғашқы миллиард жыл бойы тірі ағзалар күрделі геохимиялық процестерден өтті. Оның басты нәтижесі атмосферадағы фотосинтетикалық оттегінің жинақталуы және көмірқышқыл газын бөліп алуы. Оған дәлел көмірқышқыл газының шөгіндісінің пайда болуы[17].

Биосфера тірі ағзалардың жиынтығын көрсететін және тіршілік өрісіне минералдық элементтерді таратушы ретінде планетаны біртіндеп қамтып, өзінің әсерін жеке түрлердің дамуына мәжбүрледі. Оған мынандай мысал келтіруге болады. Бос

оттегі бейімделінген ағзалар үшін өте улы зат. Оның атмосферада жинақталуы нәтижесінде фотосинтез жер бетінде тіршіліктің дамуына әжептәуір бетбұрыс жасады. Көптеген тірі ағзалардың түрлері өзінің тіршілігін тоқтатты. Бірақ жаңа орта жағдайына, яғни оттегіне бейімделген түрлері пайда болды. Атап айтсақ, солардан қазіргі аэробты ағзалар бастау алды. Өзінің тіршілік көзін таңдап табу арқылы өмірлік ортасын өзгертті, жаңа аудандарды, аймақтарды игере бастады, соған байланысты өзі де өзгеріске ұшырады[18].

Өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік ортасының өзгеруі бірнеше рет қайталанды. Әзірге ортаның өзгерісі тұрақты болса, сол ортадағы тіршілік етуші түрлер салыстырмалы тұрғыдан бірдей. Бұл табиғи сұрыпталудың әсері, себебі, бейімделінбеген түрін ығыстырып шығарады. Осындай өзгергіштік жағдайда түрлердің сапалылығы, олардың жаңа орта факторларына байланысты екендігі байқалады. Қорыта айтар болсақ, Жер бетіндегі тіршіліктің даму тарихына талдау жасай отырып, мынандай тұжырым жасауға болады:

- Ежелгі заманнан бері бүгінгі уақытқа дейін биосферада күрделену үдерісі жүріп жатыр. Бұл құбылыс басты екі процесс арқылы: біріншісі тірі ағзалардың көбеюіндегі әртүрлілік және олардың құрылымдық ұйымдастырылуының күрделенуі. Тіршіліктің ұйымдастырушылық қасиеті өсті, демек олардың ақпаратты қабылдау сыйымдылығы ұлғайды.

Уақыт өткен сайын тірі ағзалардың биомассасы артты. Ең алғаш теңізде қалыптасып, тіршілік құрлықты, ауаны тіпті мұхиттардың терең қабаттарына дейін таралды. Нәтижесінде В.И.Вернадский атап көрсеткендей тіршілік «барлық жерде» пайда болды[19].

Ең ақырында тірі ағзалардың тіршілік етуі биосфераның өлі компоненттеріне өзгеріс енгізді. Атмосферада бос оттегі пайда болды. Ауадан бөлінген су, көміртек оксиді тас көмірдің шөгінділерінде жинақталды. Сондай шөгінді кальций карбонатына ауысты. Одан басқа да темір,

марганец және мыс рудаларының шөгінділері пайда болды.

Органикалық заттарды ыдыратушы микроорганизмдер ерекше рөл атқарды. Жануарлар мен өсімдіктердің қалдықтарынан минералдандыру арқылы оларды минералдық тұздарға және қарапайым органикалық қосылыстарға айналдырып отырды. Ал бұл заттарды қайтадан жасыл өсімдіктер пайдаланып одан әрі органикалық заттарды синтездейді.

Осылай біржасушалы деструктордың атқарған жұмысының нәтижесінде тіршілікте биосинтездік зат алмасу процесі жүріп жатты. Олардың көмегімен биосферада табиғи өзін-өзі реттеу жүріп жатты[20].

Осы фактілерге сүйене отырып, Жер бетіндегі тіршіліктің даму тарихына талдау жасап, мынандай көзқарастарымызды айтуға болады. Биосфераның пайда болуына және дамуына бірінші дәлел ағзалардың жалпы тіршілік қызметінің жиынтығы жануар түрлерінің дамуы, өз кезегінде олардың өмір сүруіне және жеке түрлердің эволюциялық өзгеруіне үлкен септігін тигізеді.

Сондықтан да тіршіліктің дамуы дегеніміз көп сатыдан, көп кезеңдерден тұратын үдеріс. Көптеген зерттеуші ғалымдардың пікірлері бойынша басты-басты екі кезеңнен тұратындығын көрсетеді: материя дамуының биологияға дейінгі және биологиялық эволюция кезеңдерін қарастырамыз.

Биологияға дейінгі эволюциялық кезеңге тоқталсақ. Олар: жұлдыздардың қойнауынан, сутектен ауыр элементтердің түзілуі, жұлдыздардың арасынан әртүрлі химиялық элементтердің көбеюі, планеталық жүйенің қалыптасуы; заттар мен энергияның абиотикалық айналысқа түсуі және абиогендік химиялық реакциялардың жүруі; органикалық қосылыстарда фотохимиялық реакцияның нәтижесінде күн сәулесі энергиясының қорлануы; биотикалық айналыстың нәтижесінде алғашқы ұрық басқаша айтар болсақ көміртекті қосылыстарының айналымы, күн сәулесінің энергиясының реакцияға түсуінің нәтижесі. Ал биологиялық эволюция кезеңіне тоқталсақ, ең маңызды жақтары көбеюге тән тірі ағзалардың пайда болуы

немесе биологиялық айналымдағы жеке компоненттердің күрделенуі мен жетілуі; көпклеткалы ағзалардың пайда болуы, одан әрі қарай биологиялық айналымның күрделенуі, ағзалардың дифференцилануындағы прогресс, формалардың көптүрлілігі, құрылысының күрделенуі, яғни морфофизиологиялық прогресс[21,22].

Жоғарыда келтірілген көзқарастарға жасалынған әдеби шолу бойынша тіршіліктің дамуы заманауи биосферада қалай қалыптасты деген сұрақтарға жауап іздестіріп көрейік. Қазіргі биосфераның құрылымы көпсалалы құбылыс деуге болады. Әртүрлі табиғи жағдайларда биосфераның қалыптасуы, жеке табиғи кешен іспеттес түрінде пайда болып биогеоценоз деп аталады. Әрбір биогеоценоз ең кішкене биосфераның өзіне тән моделі немесе үлгісі деп қарастыруға болады. Оның құрамында өсімдіктер (фотосинтезге қатысушы), гетеротрофтар, деструкторлар (органикалық заттарды ыдыратушылар) және минералдық элементтердің қорларын құрушы субстраттардан тұрады[23].

Ағылшын ғалымы Ч.Элтонның айтуы бойынша, әртүрлі биогеоценоздардағы тіршілік әртүрлі деңгейде болады. Оған мынандай дәлелдерді салыстырып қарастырсақ. Мысалы, қиыр солтүстіктегі құрғақ далалы аймақтағы биогеоценоздағы түрлер өте аз, нашар дамыған болса, ылғалды тропикалық ормандарда түрлер өте бай, көптүрлі. Биогеоценоздың тірі бөлігі биоценоз әртүрлі ағзалардан құралған популяциядан тұрады.

Биоценоздағы түрлердің таралуында белгілі заңдылықтарға бағынатын тәрізді. Тірі ағзалардың салмағы аз болса, олардың саны көп болады. Ч.Элтон бұндай заңдылықты «Сандық пирамида» деп атады. Шабындық аймақтардағы биоценозда бактериялар мен саңырауқұлақтар органикалық заттарды тұтынушы ең басты ағзалар болып саналады.

Биогеоценоздағы әртүрлі түрлердің особьтарының арасындағы байланыста әртүрлі формада болады. Тіршілік үшін күрестерде әртүрлі әдіс-тәсілдер әрқилы (симбиоз, паразиттік, мутуализм, комменсализм т.б.).

Биоценоздың күрделілігі, оның әртүрлі құбылыстарға төзімділігі, қарсы тұруындағы ерекшеліктер болады. Биоценоздың тұрақтылығы, төзімділігіне қарай Ч.Элтон 5 типке бөліп қарастырылады. Ең төзімді биоценоз ылғалды тропикалық орман, одан кейін қоңыржай орманды кеңістік, мұхиттағы аралдар, жеміс ағаштарының бақшалары, ең соңында мәдени өсімдіктер өсетін аймақтар.

Күрделі биоценоздың төзімділігінің басты ерекшелігі басқа экожүйеден қоныстанған жерлерге қарсы тұруымен бірге, абиотикалық факторларға да төзімділік көрсете білуі. Биоценоздың өзгеруін *сукцессия* деп атайды. Осы заңдылыққа байланысты Е.Одум мынандай фактілерді келтіреді. Американың оңтүстік-шығыс жағында фермерлердің тастап кеткен участкелерінде сукцессиялық құбылысқа мысал келтіреді, алғашқы 10 жылда бұл жерде шөптесін өсімдіктер үстемдік еткен болса, одан кейін кустарниктер (бұталы өсімдіктер), 20 жылдан кейін ағаштар, шыршалы ормандар, ал 100 жылдан кейін ғана ағаштар (қатты қабатты) өскен[24].

Бұл жердегі басты факт сукцессия 100 жыл бойы өзгеріске түсіп отырғандығын көрсетеді. Ал сукцессияның толық аяқталуына кемінде 1000 жыл кетеді, яғни участкіде құнарлы топырақ болмаған жағдайда (құмды, лавалардың қайтадан ағысының болуы). Сукцессия кезінде әртүрлі биоценоздағы әрбір жаңа компонент жаңа тұрғындардың келіп мекендеуіне мүмкіндік туғызады. Сонымен биосфераның тұрақтылығы, оның эволюциялық өзгеруі тәуелсіз биогеоценоздардың болуынан. Биогеоценоздың өзара байланысы оның өлі компоненттерімен шектеледі, атмосфераның құрамындағы газдар, минералдық тұздар және су.

Биосфераның құрылымы тек биогеоценозбен шектеліп қоймайды. Өз кезегінде әртүрлі популяциясынан тұрады. Демек, биосфера иерархиялық құрылымның бірлігі: дара, түрлердің популяциясы, түр, биоценоз, биогеоценоз. Әрбір көрсетілген тіршілік деңгейлері макрожүйедегі эволюциялық процесті қамтамасыз етушілер.

Эволюциялық өлшем бірлігі түрлердің популяциясы. Бірақ оның өзі биогеоценоздың бір бөлігін ғана дамытады, бірақ биосфераның құрамдас интеграциялаушы бөлімі.

Негізгі тіршілік (субстраты) ортасы – түрлердегі даралар атап айтсақ, тұқымқуалаушылық ақпараттардың шоғырланған орны. Сондықтан да даралардың биосферадағы интегралды құрылымдық көрсеткіш деп атайды. Енді осылардың арасындағы ішкі байланыстардың прогрессшілдік күрделенуі құраушылары жайлы сөз қозғайық: биосфера салыстырмалы тәуелсіз биогеоценоздан тұрады; биогеоценоз белгілі мекенде бейімделінген әртүрлі түрлердің жиынтығы; түрлердің бір-бірімен әртүрлі категориялық байланыстардан тұратын, биогеоценоздан басқа, тығыз жақындыққа ие болатын деңгейі; түрлік популяция біртұтас ұрпақтар деңгейі; түрлік популяция біртұтас ұрпақтар деңгейі; даралар жоғары дәрежедегі әртүрлі бөліктердің интеграциялық бірлігі.

Осындай арнаулы өзіне тән ерекшеліктерді немесе байланысты әрбір құрылымдық деңгейдегі оның биосферадағы эволюциялық рөлін көрсетеді. Дара-ең бірінші эволюциялық лаборатория іспеттес жаңа құрылым; популяция – табиғи сұрыптаудағы бірінші ұйымдастық; биогеоценоз – эволюцияның бірінші ұйымы, онда биологиялық айналымдағы барлық негізгі компоненттері сақталады; ал биосфера – биологиялық айналымның негізінде пайда болған планета, көптеген түрлердің прогрессивтік даму қабілеттілігі және тұрақтылық қасиеті бар тіршіліктің белгісі. Эволюцияның бағыты жеке түрлерге олардың мекеніне және биосферадағы циклдік құрылысына байланысты деп тұжырымдауға болады[25].

Ағзалардың жеке дамуы жайлы преморфистер мен эпигенетиктердің арасында әртүрлі пікірталастар. Енді осы жайлы айтылған мәліметтерге қысқаша тоқталайық.

Массасы өте кішкентай, құрылысы жағынан қарапайым жасушалардан, көпжасушалы организм қалай дамиды деген талас зерттеушілердің арасында туындала бастады. Басқаша айтқанда, даралардың

жеке дамуына ақпараттарды қайдан алады?. Міне болған тарихи айтыс преморфистер мен эпигенетиктердің арасында болды. Преморфистердің айтуы бойынша жануарлардың ұрық жасушасында және өсімдіктердің дәндерінде ересектерге тән барлық белгілер болады. Оларды ажыратып көруге қиын. Өйткені өте майда, түссіз. Тек олардың даму барысында ғана көзге көрінбейтін белгілерде айқындала басталады. Ересек ағзаларға тән ерекшеліктер барлық белгілерімен өзгереді, яғни жұмыртқа жасушаның өзгерген деген пікірін айтқан болатын. Бұл теорияны көптеген белгілі ғалымдар XVII және XVIII ғ.ғ. жасаған болатын. Олардың арасында голландық ғалымдар Сваммердам, Левенгук, швейцарлық ғалымдар Гиллер және Бонне, итальяндық Спалланцани және Мальпиги. Ал басқа бағыттағы ғалымдар бұл теорияға қарсы болды. Олардың пікірлеріне қарасақ, жұмыртқаның құрылысы өте қарапайым. Оның ішінде болашақ ұйымдастырушы ұрық жоқ. Ұрықтың мүшесі одан кейін әрбір мүшелер ағзаның даму барысында сыртқы ортаның әсерінен немесе ерекше күштің белгілі бір жолмен дамуға бағытталған іс-әрекетінің салдарынан деп көрсетті. Немістің дәрігері, алхимигі Парцельс осындай күрделі құбылысты «архи», ал неміс ғалымы Блюменбах «ұйымдастырушылыққа ұмтылыс» деп атады. Яғни даму осы ғалымдардың мәліметі бойынша эпигенез немесе жаңа бөлшектері мен белгілерінен үздіксіз қалыптасуы деп атады. Бір осы бағыттағы преформистер мен эпигенетиктердің арасындағы талас XIX ғасырдан аяғында шешілген болатын[26].

